

"Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру" электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2012 жылғы 26 қарашадағы № 533 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 6 желтоқсанда № 3912 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 20 қарашадағы № 508 қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 20.11.2013 № 508 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы 9-1-бабының 4-тармағына және "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру" электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Ш. Бектұрғановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

"КЕЛІСІЛДІ"

*Қазақстан Республикасының
Қ ө л і к ж ә н е
к о м м у н и к а ц и я м и н и с т р і*

_____ *А. Жұмағалиев*

*" Қ о с т а н а й о б л ы с ы
ә к і м д і г і н і ң д е н с а у л ы қ
с а қ т а у б а с қ а р м а с ы "
М М б а с т ы ғ ы*

_____ *О. Бекмағамбетов*

2012 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 533 қаулысымен
бекітілген

"Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру" электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру" электрондық мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – электрондық мемлекеттік қызмет) "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – қызмет беруші), баламалы негізде халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталық) арқылы, сондай-ақ www.e.gov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы немесе www.elicense.kz "Е лицензиялау" веб-порталы арқылы мемлекеттік қызметті алушыда электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда көрсетіледі.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет "Медициналық қызмет саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 10 қыркүйектегі № 1173 қаулысымен бекітілген "Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі - Стандарт) негізінде көрсетіледі.

3. Электрондық мемлекеттік қызметті автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған.

4. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету түрі: транзакциялық.

5. Осы "Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру" электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі – Регламент) пайдаланылатын ұғымдар және қысқартулар:

1) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздестіруге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе (бұдан әрі – АЖ);

2) алушы – жеке және заңды тұлға;

3) бизнес-сәйкестендіру нөмірі – заңды тұлғаға (филиал мен өкілдікке) және бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – БСН);

4) Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе – бұл нотариаттық қызметті автоматтандыруға және әділет органдары мен нотариаттық палаталардың өзара

іс-қимылына арналған ақпараттық-бағдарламалық кешен (бұдан әрі - БНАЖ);

5) "Е лицензиялау" веб-порталы – лицензиарлармен берілетін лицензиялардың сәйкестендіру нөмірлерін орталықтандырып қалыптастыратын, берілген, қайта ресімделген, тоқтата тұрылған, жаңартылған және қолданысы тоқтатылған лицензиялар, сондай-ақ қызметтің лицензияланатын түрін (кіші түрін) жүзеге асыратын лицензиаттың филиалдары, өкілдіктері (объектілері, пункттері, учаскелері) туралы мәліметтерден тұратын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – "Е лицензиялау" МДҚ АЖ);

6) жеке сәйкестендіру нөмірі - жеке тұлға, соның ішінде өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – ЖСН);

7) Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі – халыққа (жеке және заңды тұлғаларға) Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы, сондай-ақ тиісті министрліктермен және ведомстволармен қызметтер ұсыну үдерісін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ХҚКО АЖ);

8) пайдаланушы – өзіне қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге жүгінетін және оларды пайдаланатын субъект;

9) транзакциялық қызмет көрсету – электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды ұсыну жөнінде қызмет көрсету;

10) электрондық құжат - өзіндегі ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

11) электрондық лицензия – қағаз жеткізгіштегі лицензияға тең, ақпараттық технологиялар пайдаланыла отырып ресімделетін және берілетін электрондық құжат нысанындағы лицензия;

12) электрондық мемлекеттік қызметтер көрсету - ақпараттық технологияларды қолдана отырып, электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер;

13) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтер көрсетуге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮП);

14) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі – жеке және заңды тұлғалардың төлемдерін жүзеге асыру кезінде екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және "электрондық үкіметтің" ақпараттық жүйелері арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЭҮТШ);

15) "электрондық үкіметтің" шлюзі – электрондық қызметтер көрсетуді іске асыру шеңберінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық жүйелерін интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮШ);

16) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі (бұдан әрі – ЭЦҚ).

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі қызмет беруші іс-әрекетінің тәртібі

6. Қызмет берушінің ЭҮП арқылы ішінара автоматтандырылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі қадамдық іс-қимылдар мен шешімдер (функционалдық өзара іс-қимылдың № 1 диаграммасы) осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген:

1) алушы ЭҮП-те тіркелуді алушы компьютерінің интернет-браузеріне сақтап қойған өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен жүзеге асырады (ЭҮП-ке тіркелмеген алушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-үдеріс – ЭЦҚ тіркеу куәлігін алушы компьютерінің интернет-браузеріне бекіту, электрондық мемлекеттік қызметті алу үшін алушының ЭҮП-ке парольді енгізу үдерісі (авторизациялау үдерісі);

3) 1-шарт – логин (ЖСН/БСН) және пароль арқылы тіркелген алушы туралы деректердің түпнұсқалығын ЭҮП-те тексеру;

4) 2-үдеріс – алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты ЭҮП-пен авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

5) 3-үдеріс – алушының осы Регламентте көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметті таңдауы, электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығаруы және оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, сұрау салу нысанына қажетті құжаттарды электрондық түрде бекіте отырып нысанды толтыруы (деректерді енгізу);

6) 4-үдеріс – ЭҮТШ-те көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметке ақы төлеу, содан кейін бұл ақпарат "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-ға келіп түседі;

7) 2-шарт – "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да электрондық мемлекеттік қызметтің көрсетілгені үшін жүргізілген ақы төлеу фактісін тексеру;

8) 5-үдеріс – "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да электрондық мемлекеттік қызметтің көрсетілгені үшін төленген ақының болмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

9) 6-үдеріс – алушының сұрау салуды куәландыруы (қол қою) үшін ЭЦҚ

тіркеу

куәлігін

таңдауы;

10) 3-шарт – ЭҮП-те ЭЦҚ тіркеу куәлігінің іс-қимыл мерзімін және қайтарып алынған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде болмауын, сондай-ақ сұрау салуда көрсетілген ЖСН/БСН және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы сәйкестендіру деректеріне сәйкес келуін тексеру;

11) 7-үдеріс – алушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 8-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың толтырылған нысанын (енгізілген деректерді) алушының ЭЦҚ арқылы куәландыруы (қол қоюы);

13) 9-үдеріс – "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да электрондық құжатты (алушының сұрау салуын) тіркеу және "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да сұрау салуды өңдеу;

14) 4-шарт – алушының біліктілік талаптарына және электрондық мемлекеттік қызмет көрсету негіздеріне сәйкестігін қызмет берушінің тексеруі;

15) 10-үдеріс – "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-дағы алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

16) 11-үдеріс – алушының ЭҮП-тің қалыптастырған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін (электрондық лицензия) алуы. Электрондық құжат қызмет беруші қызметкерінің ЭЦҚ-сын пайдалану арқылы қалыптастырылады.

7. Қызмет беруші арқылы ішінара автоматтандырылған электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі қадамдық іс-қимылдар мен шешімдер (функционалдық өзара іс-қимылдың № 2 диаграммасы) осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген:

1) 1-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да логин мен парольді енгізуі (авторизациялау үдерісі);

2) 1-шарт – "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да логин мен пароль арқылы қызмет берушінің тіркелген қызметкері туралы деректердің түпнұсқалығын тексеру;

3) 2-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-мен қалыптастыру;

4) 3-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің осы Регламентте көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметті таңдауы, электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығаруы және қызмет беруші қызметкерінің алушының деректерін енгізуі;

5) 4-үдеріс – "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорына (бұдан әрі – ЖТ МДҚ) / "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер қорына (бұдан әрі – ЗТ МДҚ) ЭҮШ арқылы алушының деректері туралы сұрау салуды жолдауы;

6) 2-шарт – ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ-да алушы деректерінің болуын тексеру;

7) 5-үдеріс – ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ-да алушы деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкіндігінің жоқтығы туралы хабарламаны қ а л ы п т а с т ы р у ;

8) 6-үдеріс – сұрау салу нысанын құжаттардың қағаз нысанында болуы туралы белгі қою бөлігінде толтыру және қызмет беруші қызметкерінің алушы ұсынған қажетті құжаттарды сканерлеуі және оларды сұрау салу нысанына б е к і т у і ;

9) 7-үдеріс – "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да сұрау салуды тіркеу және "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да электрондық мемлекеттік қызметті өңдеу;

10) 3-шарт – алушының біліктілік талаптарына және электрондық мемлекеттік қызмет көрсету негіздеріне сәйкестігін қызмет берушінің тексеруі;

11) 8-үдеріс – "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 9-үдеріс – алушының "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-мен қалыптастырылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін (электрондық лицензия) алуы. Электрондық құжат қызмет беруші қызметкерінің ЭЦҚ-сын пайдалану ар қ ы л ы қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

8. Орталық арқылы ішінара автоматтандырылған электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі қадамдық іс-қимылдар мен шешімдер (функционалдық өзара іс-қимылдың № 3 диаграммасы) осы Регламенттің 2-қ о с ы м ш а с ы н д а к е л т і р і л г е н :

1) 1-үдеріс – Орталық операторының электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-ның автоматтандырылған жұмыс орнында (бұдан әрі – АЖО) логин мен парольді енгізуі (авторизациялау үдерісі);

2) 2-үдеріс – Орталық операторының осы Регламентте көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметті таңдауы, электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығаруы және Орталық операторының алушының деректерін, сонымен қатар алушы өкілі сенімхатының деректерін (нотариаттық куәландырылған сенімхат болғанда, басқа куәландырылған сенімхат болғанда – сенімхат деректері толтырылмайды) енгізуі ;

3) 3-үдеріс - ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ-да ЭҮШ арқылы алушының деректері туралы, сонымен қатар БНАЖ-ға алушы өкілі сенімхатының деректері туралы сұрау с а л у д ы ж о л д а у ы ;

4) 1-шарт – ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ-да алушы деректерінің, БНАЖ-да сенімхат деректерінің болуын тексеру;

5) 4-үдеріс - ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ-да алушы деректерінің, БНАЖ-да сенімхат деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкіндігінің жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастыру;

6) 5-үдеріс – Орталық операторының сұрау салу нысанын құжаттардың қағаз нысанында болуы туралы белгі қою бөлігінде толтыруы және алушы ұсынған құжаттарды сканерлеуі, оларды сұрау салу нысанына тіркеуі және электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салудың (енгізілген деректерін) толтырылған нысанын ЭЦҚ арқылы куәландыруы;

7) 6-үдеріс - "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-ға ЭҮШ арқылы Орталық операторының ЭЦҚ куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжатты (алушының сұрау салуын) жолдауы;

8) 7-үдеріс - электрондық құжатты "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да тіркеу;

9) 2-шарт – қызмет берушінің Стандартта көрсетілген алушының қоса берілген құжаттарының электрондық мемлекеттік қызмет көрсету негіздеріне сәйкестігін тексеруі (өңдеуі);

10) 8-үдеріс - "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

11) 9-үдеріс - алушының "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-мен қалыптастырылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін (электрондық лицензия) Орталық операторы арқылы алуы.

9. Электрондық мемлекеттік қызметке сұрау салу және жауап беру нысандарын толтыру "электрондық үкіметтің" www.e.gov.kz веб-порталында немесе "Е лицензиялау" www.elicense.kz веб-порталында, сонымен қатар қызмет берушінің және Орталықтың интернет-ресурсында келтірілген.

10. Алушының электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі сұрау салудың орындалу дәрежесін тексеру тәсілі: ЭҮП-тің "Қызметті алу тарихы" бөлімінде, сондай-ақ қызмет берушіге және Орталыққа өтініш беру кезінде.

11. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі қажетті ақпаратты және кеңесті call-орталығының (1414) телефоны бойынша алуға болады.

3. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі іс-қимыл (өзара іс-қимыл) тәртібін сипаттау

12. АЖ және электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне қатысатын құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ):
1) ЭҮП ;

- | | | | | | |
|----|-----|--------------|-----|----|---|
| | 2) | Э | Ү | Ш | ; |
| | 3) | Э | Ү | Т | Ш |
| 4) | "Е | лицензиялау" | МДҚ | АЖ | ; |
| | 5) | 3 Т | М | Д | Қ |
| | 6) | Ж Т | М | Д | Қ |
| | 7) | Б | Н | А | Ж |
| | 8) | О | р | т | а |
| | 9) | қ | ы | з | м |
| | | е | т | б | е |
| | | р | у | ш | і |

13. Әрбір іс-қимылдың орындалу мерзімін көрсете отырып, ҚФБ іс-қимылдарының (рәсімдерінің, функцияларының, операцияларының) дәйектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

14. Іс-қимылдардың логикалық дәйектілігінің арасындағы (электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі) өзара байланысты олардың сипаттамаларына сәйкес көрсететін диаграмма осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

15. Осы Регламенттің 3, 4-қосымшаларында бланкілердің нысандары, үлгілері ұсынылған, оларға сәйкес хабарлама нысандарын қоса алғанда, электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі (шығыс құжаты) ұсынылуы тиіс.

16. Алушыларға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы Регламенттің 5-қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

17. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне қойылатын талаптар :

- 1) құпиялылық (ақпаратты рұқсатсыз алудан қорғау);
- 2) тұтастық (ақпаратты рұқсатсыз өзгертуден қорғау);
- 3) қолжетімділік (ақпаратты және ресурстарды рұқсатсыз ұстап қалудан қорғау) .

18. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсетудің техникалық шарты:

- 1) Интернетке шығу;
- 2) электрондық мемлекеттік лицензия берілетін тұлғада ЖСН/БСН-нің болуы ;
- 3) ЭҮП-ті авторизациялау;
- 4) ЭЦҚ пайдаланушысының болуы;
- 5) банк карточкасының немесе екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шоттың болуы.

"Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру"

электрондық мемлекеттік қызмет
көрсету регламентіне
1-қосымша

1-кесте. Әрбір іс-қимылдың орындалу мерзімін көрсете отырып, ҚФБ іс-қимылдарының (рәсімдерінің, функцияларының, операцияларының) дәйектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы

1.1. ЭҮП арқылы ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы

Іс-қимылдың (жұмыс барысы, ағыны) №	1	2	3	4	5
ҚФБ, АЖ атауы	Алушы	ЭҮП	Алушы	ЭҮТШ	ЭҮП
Іс-қимылдың атауы (үдеріс, рәсім, операция) және олардың сипаттамасы	ЭЦҚ тіркеу куәлігін алушы компьютерінің интернет-браузеріне бекіту	Алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады	Алушы электрондық мемлекеттік қызметті таңдайды және сұрау деректерін қажетті құжаттарды электрондық түрде бекіте отырып қалыптастырады	Электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуге ақы төлеу	Төленген ақының болмауына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады
Аяқтау нысаны (деректер, құжаттар, ұйымдастыру-басшылық ету шешімі)	Сұрау салудың табысты қалыптасуы туралы хабарламаны көрсету	Сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сұрау салудың табысты қалыптасуы туралы хабарламаны көрсету	Іс-әрекеттің табысты аяқталуы туралы хабарламаны көрсету	Сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру

Орындау мерзімдері	10–15 секунд	20 секунд	1,5 минут	1,5 минут	20 секунд
Келесі іс-қимылдың нөмірі	2– алушы деректерінде бұзушылықтар болғанда; 3–авторландыру табысты өткенде	–	4	5 – төлемақысын жасамағанда; 6 – төлемақысын жасағанда	–
6	7	8	9	10	11
Алушы	ЭҮП	Алушы	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ
Алушы сұрау салуды куәландыру (қол қою) үшін ЭЦҚ таңдайды	Алушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады	ЭЦҚ арқылы сұрау салуды куәландыру (қол қою)	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ - да электрондық құжатты (алушының сұрау салуын) тіркеу және "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да сұрау салуды өңдеу	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ - дағы алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Электрондық құжат (электрондық лицензия)
Сұрау салуды маршруттау	Сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сұрау салуды маршруттау	Өтінішке нөмір беріп отырып сұрау салуды тіркеу	Сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Электрондық лицензия
					Лицензия алу үшін – 15 жұмыс күні; лицензияны қайта

10–15 секунд	10–15 секунд	1,5 минут	1,5 минут	20 секунд	ресімдеу үшін – 10 жұмыс күні; телнұсқасын алу үшін – 2 жұмыс күні
7 – ЭЦҚ-да қате болғанда	9 –	-	10 алушының біліктілік талаптарына және лицензия беру негіздеріне сәйкестігін қызмет берушінің тексеруі	-	-

1.2. Қызмет беруші арқылы ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы

Іс-қимылдың (жұмыс барысы, ағыны) №	1	2	3	4
ҚФБ, АЖ атауы	Қызмет беруші	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ	Қызмет беруші	ЖТ МДҚ/ ЗТ МДҚ
Іс-қимылдың атауы (үдеріс, рәсім, операция) және олардың сипаттамасы	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да авторизацияландырылады	Қызмет беруші қызметкерінің деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады	Қызмет беруші қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметті таңдауы	ЖТ МДҚ/ ЗТ МДҚ-да алушының деректерін тексеруге сұрау салуды жолдауы
Аяқтау нысаны (деректер, құжаттар, ұйымдастыру-басшылық ету шешімі)	Сұрау салудың табысты қалыптасуы туралы хабарламаны көрсету	Сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сұрау салудың табысты қалыптасуы туралы хабарламаны көрсету	Сұрау салуды маршруттау

Орындау мерзімдері	10-15 секунд	20 секунд	1,5 минут	1,5 минут
Келесі іс-қимылдың нөмірі	1 - "лицензиялау" МДҚ АЖ-да қызмет беруші қызметкерінің логині мен паролі деректерінің түпнұсқалығын тексеру	-	4	5 – алушының деректерінде бұзушылықтар болғанда; 6 – авторизациялау табысты өткенде
5	6	7	8	9
"Е лицензиялау" МДҚ АЖ	Қызмет беруші	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ
ЖТ МДҚ/ ЗТ МДҚ-да алушы деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкіндігінің жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастыру	Құжаттарды бекіте отырып, сұрау салу нысанын толтыру	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да электрондық құжатты тіркеу және "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да электрондық мемлекеттік қызметті өңдеу	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты сұрау салынатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Электрондық құжат (электрондық лицензия)
Сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сұрау салудың табысты қалыптасуы туралы хабарламаны көрсету	Өтінішке нөмір бере отырып, жүйеде сұрау салуды тіркеу	Сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Электрондық лицензия

20 секунд	10-15 секунд	10-15 секунд	20 секунд	Лицензия алу үшін – 15 жұмыс күні; лицензияны қайта ресімдеу үшін – 10 жұмыс күні; телнұсқасын алу үшін – 2 жұмыс күні
-	-	8 – "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да сұрау салу бойынша деректер болмағанда, 9 – сұрау салу бойынша деректер табылғанда		

1.3. Орталық арқылы ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы

Іс-қимылдың (жұмыс барысы, ағыны) №	1	2	3	4
ҚФБ атауы	Орталықтың АЖ АЖО	Орталық	Орталық	ЖТ МДҚ/ ЗТ МДҚ, БНАЖ
Іс-қимылдың атауы (үдеріс, рәсім, операция) және олардың сипаттамасы	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да авторизацияландырылады	Электрондық мемлекеттік қызметті таңдау	ЖТ МДҚ/ ЗТ МДҚ-да алушының деректерін тексеруге сұрау салуды жолдау	Деректерде бар бұзшылықтарға байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру
Аяқтау нысаны (деректер, құжаттар, ұйымдастыру басшылық ету шешімі)	Өтінішке нөмір бері отырып, жүйеде сұрау салуды тіркеу	Сұрау салудың табысты қалыптасуы туралы хабарламаны көрсету	Сұрау салуды маршруттау	Дәлелді бас тартуды қалыптастыру

Орындалу мерзімдері	30 секунд – 1 минут	30 секунд	1,5 минут	1,5 минут
Келесі іс-қимылдың нөмірі	2	3	4 – алушының деректерінде бұзушылықтар болғанда; 5 – бұзушылықтар болмағанда	-
5	6	7	8	9
Орталық	Орталық	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ
Құжаттарды бекіте отырып және ЭЦҚ арқылы куәландырып сұрау салу нысанын толтыру	Орталық операторының ЭЦҚ куәландырылған сұрау салуды жолдауы	Электрондық құжатты "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да тіркеу	"Е лицензиялау" МДҚ АЖ - да алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты сұрау салынатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Электрондық құжат (электрондық лицензия)
Сұрау салудың табысты қалыптасуы туралы хабарламаны көрсету	Сұрау салуды маршруттау	Өтінішке нөмір бере отырып, сұрау салуды тіркеу	Дәлелді бас тартуды қалыптастыру	Электрондық лицензия
30 секунд – 1 минут	1 минут	1 минут	30 секунд – 1 минут	Лицензия алу үшін – 15 жұмыс күні; лицензияны қайта ресімдеу үшін – 10 жұмыс күні; телнұсқасын алу үшін – 2 жұмыс күні
-	-	8– бұзушылықтар болғанда, 9 – бұзушылықтар болмағанда	-	-


Е с к е р т п е :

Осы кестелерде электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің


технологиялық тізбегінде келесі іс-қимылдардың аяқталу нысандары, орындалу мерзімдері және нөмірлері көрсетіле отырып ЭҮП, АЖ және барлық ҚФБ іс-әрекеттері (функциялары, рәсімдері, операциялары) атап көрсетіледі.

Осы Регламенттің 2-қосымшасы кестесінің негізінде электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-әрекет диаграммалары жасалады.


" Медициналық қызметке
лицензия беру, қайта ресімдеу,
лицензияның телнұсқасын беру"
электрондық мемлекеттік қызмет
көрсету регламентіне
2-қосымша



1-сурет. ЭҮП арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың диаграммасы



2-сурет. Қызмет беруші арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың диаграммасы



3-сурет. Орталық арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың диаграммасы

Кесте. Шартты белгілер

	Бастапқы хабарлама
	Соңғы хабарлама
	Аралық хабарлама
	Аяқтаушы қарапайым оқиға
	Қате
	Оқиғалар-таймерлер
	Ақпараттық жүйе
	Үдеріс
	Шарт
	Хабарламалар ағыны
	Басқару ағыны
	Соңғы алушыға ұсынылатын электрондық құжат

Е с к е р т п е :

Диаграмманың үлгілік рәсімделуі бизнес үдерістерді модельдеу үшін пайдаланылатын BPMN 1.2 графикалық аннотациясында келтірілген. BPMN

модельдеу графикалық элементтердің аз саны бар диаграммалар арқылы жүзеге асырылады. Бұл алушыларға үдерістің қисынын жылдам түсінуге көмектеседі. Элементтердің төрт негізгі санатын атап көрсетуге болады:

- 1) басқару ағынының объектілері: оқиғалар, әрекеттер және қисынды операторлар;
- 2) біріктіруші объектілер: басқару ағыны, хабарламалар ағыны және қауымдастықтар;
- 3) рөлдер: пулалар және жолдар;
- 4) артефакттар: деректер, топтар және мәтіндік аннотациялар.

Осы төрт санаттың элементтері бизнес үдерістердің диаграммасын құруға мүмкіндік береді. Айрықшалық моделінің мәнерлілігін арттыру үшін "Ескертпелер" деген бөлімде келтірілуі тиіс басқару ағыны объектілерінің жаңа түрлерін және артефакттарды құруға рұқсат береді.

"Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру" электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне
3-қосымша

Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуді алуға арналған өтініштің экрандық нысаны

_____ (лицензиялау органының толық атауы)

_____ (жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты)

ӨТІНІШ

Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның аумағынан тыс _____

_____ (қызмет (іс-әрекет) түрін көрсету) _____ жүзеге асыруға лицензия беруді сұраймын

Жеке тұлға туралы мәлімет:

1. Туған жылы _____

2. Төлқұжат деректері _____

сериясы, №, кіммен және қашан берілді)

3. Білімі _____

(мамандығы болған жағдайда, дипломның (өзге құжаттың) № _____

оқу орнының атауы, бітірген жылы)
4. Дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (ЖСН) _____

(№, кіммен және қашан берілді)

5. Үйінің мекенжайы _____

6. Жұмыс орны _____

7. Есеп айырысу шоты (бар болған жағдайда) _____

(шот №, банк атауы және орналасқан жері)

8. Қоса берілетін құжаттар: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

" ____ " _____ 20__ ж.

Өтініш 20__ ж. " ____ " _____ қарауға қабылданды _____

(лицензиялау органының жауапты тұлғасының қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуді алуға арналған өтініштің экрандық нысаны

(лицензиялау органының толық атауы) _____

(занды тұлғаның толық атауы)

ӨТІНІШ

Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның аумағынан тыс _____

(қызмет (іс-әрекет) түрін көрсету)

_____ жүзеге асыруға лицензия беруді сұраймын

Ұйым туралы мәлімет:

1. Меншік нысаны _____

2. Құрылған жылы _____

(№, кіммен және қашан берілді)

3. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (ЖСН) _____

_____ (№, кіммен және қашан берілді)
4. Мекенжай

_____ (индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй №, _____)

(телефон , _____ ф а к с)
5. Есеп айырысу шоты

_____ (шот №, банк атауы және орналасқан жері)
6. Филиалдар, өкілдіктер

_____ (орналасқан жері және деректемелері)
7. Қоса берілетін құжаттар:

_____ (Басшы _____)
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

М ө р д і ң _____ о р н ы
" ____ " _____ 20__ ж.

Өтініш 20__ ж. " ____ " _____ қарауға қабылданды _____

(лицензиялау органының жауапты тұлғасының қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

" Медициналық қызметке
лицензия беру, қайта ресімдеу,
лицензияның телнұсқасын беру"

электрондық мемлекеттік
қызмет көрсету

регламентіне

4-қосымша

**Электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуге берілетін оң жауаптың шығыс
нысаны**



МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ

Берілді _____

(заңды тұлғаның толық аты, мекен-жайі, БСН реквизиттері / жеке тұлғаның тегі, аты, өкесінің аты толығымен, ЖСН реквизиттері)

Қызмет түрі

Медициналық қызмет

(«Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызмет түрінің атауы)

Лицензия қолданылуының айрықша жағдайлары

(«Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-16-бабына сәйкес)

Лицензиар

Қостанай облысының әкімшілігі. Қостанай облысының Денсаулық сақтау басқармасы


(лицензиардың толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) _____

(лицензиар басшысының (уәкілетті адамның) тегі және аты-жөні)

Берілген жер

Қостанай қ.



Берілген құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаба туралы» 2003 жылғы 7 қазіргі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасымалдағы құжатқа тең. Дәлелді документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Алушыға берілетін ескертпелер

Хабарламалар өтінішті орындау мәртебесінің өзгеруіне қарай беріледі. Хабарлама мәтіні бар еркін жол "электрондық үкіметтің" порталындағы жеке кабинеттегі "Хабарлама" бөлімінде көрсетіледі, сонымен қатар "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-ға жіберіледі.

Электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуге берілетін теріс жауаптың (бас тарту) шығыс нысаны

Қостанай облысының Денсаулық сақтау басқармасы



Управление здравоохранения Костанайской области

Күні:

МО мекен-жайы:

Кімге:

Құрметті

Сіздің Медициналық қызмет Қызмет түрі алу үшін алу жөніндегі өтінішіңізді


күні жіберілген №

қанағаттандыруға БАС ТАРТЫЛДЫ

Басшының Т.А.Ә.:

Орындаушы:

Тел.:



Берілген құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қытардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасымалдағы құжатқа тең. Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

" Медициналық қызметке
лицензия беру, қайта ресімдеу,

лицензияның телнұсқасын беру"
электрондық мемлекеттік
қызмет көрсету регламентіне
5-қосымша

**Электрондық мемлекеттік қызметтерінің "сапа" және "қолжетімділік"
көрсеткіштерін анықтау үшін сауалнаманың нысаны _____**

(қызметтің атауы)

1. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің сапасына және
нәтижесіне қанағаттанасыз ба?

1) қанағаттанған жоқпын;

2) ішінара қанағаттанамын;

3) қанағаттанамын.

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың
сапасына қанағаттанасыз ба?

1) қанағаттанған жоқпын;

2) ішінара қанағаттанамын;

3) қанағаттанамын.